



Наурыз айындағы іскерлік белсенділік: сауда мен өндірісте өсім бар

2025 жылдың наурыз айындағы іскерлік белсенділік туралы
ҚҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры
Рүстем Оразалиннің
түсіндірмесі


Астана қ.

2025 жыл, 2 сәуір

ИБИ көрсеткішінің динамикасы туралы

2025 жылғы **наурызда** іскерлік белсенділік баяулап, индекс **50,4** құрады.

Іскерлік белсенділік өндіріс пен саудада артты. Онда индекс аздап баяулағанына қарамастан, тиісінше **53,8** және **51,2** болып, оң аймақта қалды (ақпанда – 54,1 және 51,5). Тау-кен өндіру өнеркәсібінде көрсеткіш өзгеріссіз қалды (**48,5**), ал қызмет көрсету және құрылыс секторында іскерлік белсенділіктің төмендегені байқалды. Индекс жаңа тапсырыстар көлемінің төмендеуіне байланысты тиісінше **48,9** және **49,6** (ақпанда – 50,5 және 50,1) болып, теріс аймаққа өтті.



2025 жылғы наурызда **бизнес-ахуал индексі (БАИ)** бизнес жүргізудің келешек жағдайына қатысты оптимизмнің жақсаруы есебінен **11,8-ге** дейін (ақпандағы 9,9-дан) өсті, алайда қазіргі шарттарды бағалау көрсеткіші төмендеп отыр. Есесіне, бизнес-цикл «сағатының» индикаторы **өсу аясында** қалды.

Кәсіпорындардың бағалауы бойынша, олардың өнімдеріне/көрсетілетін қызметтеріне сұраныстың өсу қарқыны баяулаған. Дәл осындай жағдай тау-кен өндіру өнеркәсібінен басқа барлық секторда байқалып отыр. Ал қызмет көрсету секторында сұраныс төмендеді.

Ең жоғары сұраныс – өндірісте. Бизнес-жағдай факторларын бағалауда айтарлықтай өзгеріс жоқ. Респонденттер инфрақұрылымның өзгеруіне біршама оң баға берді, ал қалған факторлаға (бизнесті қорғау мәселесін, салық жүктемесін және қаржыға/кредитке қолжетімділікті) теріс баға берді, әсіресе, салық жүктемесіне және бизнесті қорғау мәселесіне.

Толығырақ – Қазақстан Ұлттық Банкінің [интернет-ресурсында](#)

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz